

СИЛЛАБУС

2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
«6В02210 - Археология» оқу бағдарламасы бойынша

және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
95139 Археологиядағы керамика	5	2	2	2	9	5
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	БП. Таңдау компоненті	Проблемалық, аналитикалық, интерактивті	Пікірталас, сұрақтарға жауап беру, жобалар дайындау, эссе жазу	Оффлайн жазбаша		
Дәріскер (лер)	Акымбек Ералы Шардарбекұлы					
e-mail:	eraly_a@mail.ru					
Телефоны:	+77015707240					
Ассистент (тер)	Сагындыкова Сымбат Темиргалиевна					
e-mail:	Sagindykova.symbat@gmail.com					
Телефоны:	87058382959					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты – Білім алушыларға археологиялық керамиканы зерттеудің теориялық негіздері мен практикалық әдістерін меңгерту. Пән қыш бұйымдарының шығу тегі, жасалу технологиясы, типологиясы мен хронологиясын анықтау жолдарын үйретіп, археологиялық ескерткіштерді мерзімдеу мен мәдени-тарихи интерпретацияда керамиканың рөлін түсіндіруді көздейді.	1. (когнитивті) Керамиканы ғылыми зерттеулерде дереккөз ретінде қолдану перспективасын бағалау			1.1 Археологиялық керамиканың зерттеу әдістерін (типология, морфология, технология, стилистикалық талдау) түсіндіреді		
	2. (функционалды) қыш бұйымдарының негізгі түрлерін, формалары мен әшекейлерін ажырата алады			1.2 Керамиканы морфологиялық және Статистикалық зерттеу саласындағы қолданыстағы әдістемелер негізінде ғылыми жетекшілікпен жергілікті зерттеулер жүргізеді		
	3. (функционалды) керамика өндірісінің технологиялық ерекшеліктерін талдайды			2.1 Керамика өндірісінің тарихи даму кезеңдерін сипаттайды.		
				2.2 Керамиканың археологиялық мәдениеттерді анықтаудағы деректік маңызын түсіндіреді.		
				3.1 Қазбадан табылған керамиканы жүйелеп, классификация жасай алады		
				3.2 Қыш бұйымдарының жасалу технологиясын (шикізат, қалыптау, күйдіру) талдайды; Керамика үлгілерінің негізгі түрлерін сызба, фото арқылы сипаттайды.		
	4. археологиялық қазбалардағы керамикалық материалдарды классификациялап, ғылыми сипаттама береді			4.1 Керамиканы мерзімдеу мен салыстырмалы талдау жүргізе алады.		
				4.2 Керамика бойынша ғылыми сипаттама жазып, каталог құрастырады; Археологиялық материалдар негізінде мәдени-тарихи қорытынды жасайды		

	5. (жүйелік) керамиканы мәдениеттер мен дәуірлерді анықтаудағы дереккөз ретінде қолдануды үйренеді 5.1 Ғылыми терминологияны дұрыс қолдана алады; Зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде сауатты ұсынады. 5.2 Археологиядағы керамиканы пәнаралық тұрғыда (тарих, этнология, өнертану, геология) қарастырады.
Пререквизиттер	Археологияға кіріспе
Постреквизиттер	Ежілгі және ортағасырлар археологиясы
Оқу ресурстары	Әдебиет: 1. Бердников И.М., Лохов Д.Н. Керамика в археологии: описание, анализ, методы исследования. – Иркутск, 2014 2. Зданович Д.Г. (науч. ред.). Древняя керамика. Проблемы и перспективы комплексного подхода. – Челябинск, 2013 3. Цетлин Ю.Б. Керамика. Понятия и термины историко-культурного подхода. М.: ИА РАН. 2017. 346 с.: ил.. 4. Prudence M. Rice. Pottery analysis. A sourcebook. The University of Chicago Press / Chicago and London, 2015 5. Shepard A. O. Ceramics for the Archaeologist. Publication 609. -Carnegie Institution of Washington. -Wash. D.C. -1985. -414 p Ресурстар: 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. cyberleninka.ru 3. https://ru.b-ok.asia/ Зерттеушілік инфрақұрылымы 1. Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы 1. интернет 2. ПОЭК бөлімі Интернет-ресурстар 1. univer.kaznu.kz. 2. faraibi_university

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы
-----------------------------------	---

				гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail sagyndykova.symbat@gmail.com ru немесе ZOOM бейне байланыс арқылы https://us04web.zoom.us/j/76842750607?pwd=FgGUPhscCs7D3CzEj07WkZlIaiPChI.1 кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.		
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ						
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері		
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарысөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.		
A	4,0	95-100	Өте жақсы			
A-	3,67	90-94				
B+	3,33	85-89	Жақсы			
B	3,0	80-84				
B-	2,67	75-79				
C+	2,33	70-74				
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық			
C-	1,67	60-64				
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз			
D	1,0	50-54				
						Формативті және жиынтық бағалау
				Дәрістердегі белсенділік	0	
				Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	68	
				Өзіндік жұмысы	32	
				Жобалық және шығармашылық қызметі	0	
				Қорытынды бақылау (емтихан)	40	
				ЖИЫНТЫҒЫ	100	
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.						
Аптасы	Тақырып атауы				Сағат саны	Макс. балл

1	Дәріс (теориялық): Көзе өндірісі және оның тарихы	2	
1	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Археологиядағы керамиканы зерттеудің маңызы мен әдістері Тапсырма түрі: конспект, ауызша талқылау	4	
2	Дәріс (аналитикалық): Көзе өндірісінің шикізаты	2	
2	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Керамиканың шығу тегі: алғашқы қыш өндірісі және оның археологиялық деректері Тапсырма түрі: конспект, ауызша талқылау	4	
3	Дәріс (аналитикалық): Көзелік саздың қасиеттері: саз-су жүйесі	2	
3	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Ежелгі керамиканы технологиялық зерттеу Тапсырма түрі: дәптерге кесте жасау, ауызша баяндау	4	
4	Дәріс (аналитикалық): Көзелік саздың қасиеттері: күйдіру кезіндегі күйі	2	
4	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Керамика технологиясының деректану мүмкіндіктері Тапсырма түрі: презентация жасау	4	14
4	СӨЖ 1 - Берілген СӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
5	Дәріс (теориялық): Қыш жасау технологиясы: этнографиялық шолу	2	
5	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қыш ыдыстардың формаларын зерттеу әдістері Тапсырма түрі: ауызша баяндама	2	14
5	СӨЖ 1 – Қазақстанның тас дәуірі керамикасы (жазбаша баяндама)		15
6	Дәріс (теориялық): Керамика экономикасы: өндіріс және тарату	2	
6	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Ыдыстарды безендіру әдістері және оларды зерттеу Тапсырма түрі: ауызша баяндама	2	14
6	СӨЖ 2 - Берілген СӨЖ 2 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
7	Дәріс (теориялық) Ыдыстардың қызметі: пішіні, технологиясы және пайдалануы	2	
7	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қыш ыдыстардың қызметін зерттеу Тапсырма түрі: ауызша баяндама	2	14
7	СӨЖ 2 Қазақстанның қола дәуірі керамикасы: кезеңдер бойынша ерекшеліктері (жазбаша)		15
8	Дәріс (теориялық): Керамиканың сәндік стильдері және стилистикалық талдау	2	
8	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Керамика археологиясы және мәдени қабаттың қалыптасуы. Далалық жұмыстардың әдістері Тапсырма түрі: ауызша баяндама	2	14
	АБ 1		100
9	Дәріс (аналитикалық) Археологиялық, этноархеологиялық және этнографиялық керамика зерттеулеріндегі мәселелер	2	
9	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Археологиялық керамиканы талдаудың этноархеологиялық, тарихи-мәдени, формалды-классификациялық, эмоционалды-сипаттамалық және т.б. тәсілдері Тапсырма түрі: презентация	2	8
9	СӨЖ 3 - Берілген СӨЖ 3 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
10	Дәріс (аналитикалық) Керамиканы (қыш ыдыстарды) сипаттау	2	
10	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Керамика мәдени байланыстар мен алмасулардың көрсеткіші ретінде Тапсырма түрі: презентация	1	8
10	СӨЖ 3. Қазақстанның ерте темір дәуірі керамикасы: өңірлер бойынша ерекшеліктері (жазбаша)		15
11	Дәріс (проблемалық): Керамикалық материалдардың түсі	2	
11	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Көзеші шарығы: шығу тегі мен дамуы Тапсырма түрі: презентация	2	8
12	Дәріс (проблемалық) Керамиканың физикалық, механикалық және жылулық қасиеттері	2	
12	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Археологиялық қабаттардағы керамикалық кешендер және олардың қалыптасу процестері Тапсырма түрі: презентация	2	8
12	СӨЖ 4 - Берілген СӨЖ 4 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		

	беру		
13	Дәріс (проблемалық): Керамиканың минералогиялық және химиялық сипаттамасы	2	
13	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Ежелгі дәуірдегі керамикалық өндірістің әлеуметтік және экономикалық аспектілері Тапсырма түрі: презентация	2	8
13	СӨЖ 4 – Қазақстанның ерте орта ғасыр керамикасы (жазбаша баяндама)		15
14	Дәріс (проблемалық): Керамика сипаттамаларын зерттеудегі негізгі мәселелер	2	
14	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Керамика мәдени мұра мен музей коллекцияларының элементі ретінде Тапсырма түрі: презентация	2	8
14	СӨЖ 5 - Берілген СӨЖ 5 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
15	Дәріс (проблемалық): Қазіргі әлемдегі керамикадағы сабақтастық пен өзгерістер	2	
15	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Орта Азия мен Қазақстан керамикасының өңірлік ерекшеліктері Тапсырма түрі: ауызша баяндама	2	7
15	СӨЖ 5 Қазақстанның кейінгі орта ғасыр керамикасы (жазбаша)		15
	АБ 2		100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			300

Декан _____ Байғунаков Д.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитеттің төрағасы _____ Бижанова М.Т.

Кафедра меңгерушісі _____ Жуматаев Р.С.

Дәріскер _____ Ақымбек Е.Ш.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ
«Археологиядағы керамика» пәні бойынша жазбаша тапсырмасы
(АБ 100%-дың-15%)

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	13-15 %	10-12 %	6-9%	3-5%	0-2%
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға археологиядағы керамиканы талдап, ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер камтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде кате жіберілген. Жауапта стилистикалық кателіктердің болуы, терминдердің дұрыс колданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын камтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, кате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Археологиялық керамикаға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын кателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Археологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім кателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық кателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің	Тапсырма өрескел кателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу

			болуы.		кағидаларын бұзу.
--	--	--	--------	--	----------------------